

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 4 мамырдағы № 111 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2245 Қаулысы
Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**
«Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 4 мамырдағы № 111 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 4 мамырдағы № 111 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Конституциялық заңының 20-бабына сәйкес **ҚАУЛЫ Е Т Е М І Н :**

1. «Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 4 мамырдағы № 111 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 16, 151-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген Жарлықпен бекітілген Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында :

«Бағдарламаның паспорты» деген 1-бөлімде:

«Қажетті ресурстар мен оларды қаржыландыру көздері» деген кіші бөлімде: бірінші абзацтағы «523,2» деген цифрлар «545,2» деген цифрлармен ауыстырылсын ;

екінші абзацтағы кесте және ескертпе мынадай редакцияда жазылсын:

	Республикалық бюджет	Жергілікті бюджет	Кәсіпорындардың, ұйымдардың және концессионерлердің қаражаты	ЖИЫНЫ
2006	62,5*	6,9	-	69,4
2007	79,3	7,7	-	87,0
2008	100,9	4,1	0,01	105,01

2009	140,2*	6,2	1,8	148,2
2010	98,0*	2,7	0,54	101,2
Жиыны	510,6**	32,3**	2,35	545,2**

* Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005 - 2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (2006 - 2007 жж. кредит қаражаты - 5,07 млрд. теңге), Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысының 2008 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (2008 - 2010 жж. кредит қаражаты - 25,0 млрд. теңге) шеңберінде қала бюджеті тұрғын үй құрылысына алатын кредиттерді е с е п к е а л м а ғ а н д а ;

** Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жылдар бойынша қаржыландыруға 34,4 млрд. теңге сомасында 2006 жылғы республикалық және жергілікті бюджеттердің нақтылануы қосылды, оның ішінде: республикалық бюджет - 29,7 млрд. теңге; жергілікті бюджет - 4,7 млрд. теңге.»;

«Күтілетін нәтижелер» деген кіші бөлімде: бесінші абзац алынып тасталсын;

алтыншы абзацтағы «2,8», «3,6», «1,3» деген цифрлар тиісінше «2,2», «2,2», «2,0» деген цифрлармен ауыстырылсын;

оныншы абзацтағы «71,8» деген цифрлар «74,6» деген цифрлармен ауыстырылсын;

«Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі» деген 3-бөлімде: «Әлеуметтік саланы дамыту» деген 3.1-кіші бөлімде:

«Білім беру» деген 3.1.4-тарау мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

«білім беру жүйесі қызметкерлерінің біліктілігін арттыру.»;

«Индустриялық-инновациялық саясат және энергетикалық кешенді дамыту» деген 3.2 - кіші бөлімде:

«Өнеркәсіп» деген 3.2.1-тараудың екінші бөлігінде: бесінші абзац «құру» деген сөзден кейін «мен дамыту» деген сөздермен

толықтырылсын;

«Кәсіпкерлікті дамыту» деген 3.2.2-тараудың екінші бөлімі мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«шағын өнеркәсіп кәсіпорындарын кадрлармен қамтамасыз ету мақсатында кәсіптік техникалық білім беру жүйесін дамыту.»;

«Электр энергетикасы» деген 3.2.3-тараудың екінші бөлігі мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

«мемлекеттік-жеке меншік әріптестік тетіктерінің негізінде ірі электр энергетикасы объектілерін салу мәселесін пысықтау;

электр энергиясының шығындарын барынша азайту мақсатында ресурс үнемдеуші технологияларды енгізу.»;

«Жылумен жабдықтау» деген 3.2.4-тараудың үшінші бөлігі мынадай мазмұндағы
абзацпен толықтырылсын:

«жылу энергиясының шығындарын барынша азайту мақсатында ресурс үнемдеуші
технологияларды енгізу.»;

«Инвестициялық ахуалды жақсарту» деген 3.8-кіші бөлімде:
үшінші бөлікте:

үшінші абзацта «ЖИФ-қа кіретін» деген сөздерден кейін «Шығыс» ШС-на» деген
сөздермен, «үшінші тармағын салу» деген сөздерден кейін «және жергілікті бюджет
қаражаты есебінен 2 жаңа ШС салуға арналған жобалау-сметалық құжаттама әзірлеу»
деген сөздермен толықтырылсын;

«қаланың сол жақ жағалауында іске қосылатын жылу магистралінің құрылысының
төртінші тармағын салу;», «теннис кортының аумағында инженерлік желілерді,» деген
сөздер алып тасталсын;

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«2006 - 2010 жылдары жылу электр энергетикасы саласындағы қажетті
инвестициялардың жалпы көлемі 91,5 млрд. теңгені құрайды (I кезең - 41,6 млрд. теңге;
II кезең - 49,9 млрд. теңге), оның ішінде республикалық бюджет қаражаты есебінен -
89,5 млрд. теңге (I кезең - 40,2 млрд. теңге, II кезең - 49,3 млрд. теңге) және жергілікті
бюджеттен - 2,0 млрд. теңге (I кезең - 1,4 млрд. теңге; II кезең - 0,6 млрд. теңге).»;

төртінші бөлікте:

төртінші абзацтағы «128,9», «80,5», «128,8», «80,5» деген цифрлар тиісінше «101,8»
, «53,4», «101,7», «53,4» деген цифрлармен ауыстырылсын;

бесінші бөлікте:

үшінші абзацтағы «21», «2», «2», «9» деген цифрлар тиісінше «10», «3», «1», «6»
деген цифрлармен ауыстырылсын;

«8 жер асты өткелдерін» деген сөздер алып тасталсын;

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«2006 - 2010 жылдар кезеңінде қаланың көлік жүйесін дамытуға қажетті
инвестициялардың жалпы көлемі 96,4 млрд. теңгені құрайды (I кезең - 56,2 млрд. теңге;
II кезең - 40,2 млрд. теңге), оның ішінде республикалық бюджет қаражаты есебінен -
88,0 млрд. теңге (I кезең - 51,2 млрд. теңге, II кезең - 36,8 млрд. теңге) және жергілікті
бюджеттен - 7,9 млрд. теңге (I кезең - 5,0 млрд. теңге; II кезең - 2,9 млрд. теңге),
концессионерлердің қаражаты есебінен - 0,5 млрд. теңге (II кезең).»;

алтыншы бөлікте:

бірінші абзацтағы «600 орынға арналған 1 мектепке жапсарлас құрылыс» деген
сөздер алып тасталсын;

«8» деген цифр «11» деген цифрлармен ауыстырылсын;

екінші абзацтағы «5» деген цифр «13» деген цифрлармен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«Кәсіпорындар мен ұйымдар қаражаты есебінен 300 орынға арналған кәсіптік
лицейдің кұрылысын жалғастыру»;

үшінші және төртінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

«Қаланың білім беру жүйесіне салынатын инвестициялар көлемі 2006 - 2010 жылдары 27,0 млрд. теңгені құрайды (I кезең - 11,4 млрд. теңге; II кезең - 15,6 млрд. теңге), оның ішінде республикалық бюджет қаражаты есебінен 18,9 млрд. теңге (I кезең - 6,8 млрд. теңге, II кезең - 12,1 млрд. теңге) және жергілікті бюджет қаражаты есебінен 6,3 млрд. теңге (I кезең - 4,6 млрд. теңге; II кезең - 1,7 млрд. теңге), кәсіпорындар мен ұйымдар қаражаты есебінен - 1,77 (II кезең).

Республикалық бюджет қаражаты есебінен денсаулық сақтау саласында 2006 - 2010 жылдары: қалалық жұқпалы аурулар ауруханасын; 250 адам қабылдайтын әйелдер консультациясы бар, жаңа туған нәрестелерді екінші кезеңде күтіп-бағу бөлімшесі бар 150 төсек-орындық перзентхананы; қан орталығын; 250 төсек-орындық балаларға арналған жұқпалы аурулар ауруханасын; әр ауысымда 250 адам қабылдайтын консультативтік-диагностикалық емханасы бар 350 төсек-орындық көп бейінді қалалық балалар ауруханасын; әрқайсысының қуаты 500 адам қабылдайтын екі амбулаториялық-емханалық кешен (бір ауысымда 350 адам қабылдайтын үлкендерге арналған, 150 адам қабылдайтын балаларға арналған), 360 төсек-орындық көп бейінді стационарды салу; Астана қаласында № 12 көше мен Абылай хан даңғылының қиылысы ауданында 500 орынға арналған көп бейінді стационар салу; Астана қаласында бір ауысымда 380 адам қабылдайтын емханасы бар 270 орынға арналған қалалық онкологиялық диспансер салу жүзеге асырылатын болады.»;

алтыншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«2006 - 2010 жылдары қаланың денсаулық сақтау саласын дамытуға инвестициялар көлемі 35,9 млрд. теңгені құрайды (I кезең - 6,6 млрд. теңге; II кезең - 29,3 млрд. теңге), оның ішінде республикалық бюджет қаражаты есебінен - 33,8 млрд. теңге (I кезең - 4,7 млрд. теңге, II кезең - 29,1 млрд. теңге) және жергілікті бюджет есебінен 2,1 млрд. теңге (I кезең - 1,9 млрд. теңге, II кезең - 0,2 млрд. теңге).»;

жетінші абзац «Сырғанақ тебетін мұз айдынын жапсарлас сала отырып, «Қазақстан» спорт сарайын қайта жаңарту; Астана қаласында теннис кешенін салу; № 10, 16, 20, 22, 24, 30, 36, 41 жалпы білім беру мектептеріне спорт алаңдарын салу» деген сөздер мен толықтырылсын;

сегізінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«2006 - 2010 жылдары спортты дамытуға инвестициялар көлемі 30,7 млрд. теңгені құрайды (I кезең - 16,0 млрд. теңге; II кезең - 14,7 млрд. теңге), оның ішінде республикалық бюджет қаражаты есебінен 30,3 млрд. теңге (I кезең - 16,0 млрд. теңге; II кезең - 14,3 млрд. теңге) және жергілікті бюджеттен - 0,4 млрд. теңге (II кезең).»;

тоғызыншы абзацта:

«Салт-дәстүрлер сарайының жаңа ғимараты мен» деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы үшінші сөйлеммен толықтырылсын: «Астана қаласындағы Конгресс-холл, Астана қаласындағы «Шабыт» шығармашылық сарайы, Астана қаласындағы Бас алаңда монумент, флагшток»;

оныншы абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«2006 - 2010 жылдарда мәдениетті дамытуға инвестициялардың көлемі 33,0 млрд. теңгені құрайды (I кезең - 15,6 млрд. теңге; II кезең - 17,4 млрд. теңге), оның ішінде республикалық бюджет қаражаты есебінен - 31,7 млрд. теңге (I кезең - 14,6 млрд. теңге; II кезең - 17,1 млрд. теңге) және жергілікті бюджет қаражаты есебінен - 1,3 млрд. теңге (I кезең - 1,0 млрд. теңге; II кезең - 0,3 млрд. теңге).»;

ж е т і н ш і б ө л і к т е :

екінші абзацта «19,4», «13,9», «17,7», «1,7» деген цифрлар тиісінше «7,1», «1,6», «5,5», «1,6» деген цифрлармен ауыстырылсын;

«12,2» деген цифрлар алып тасталсын;

с е г і з і н ш і б ө л і к т е :

бірінші абзац «абаттандыруды» деген сөзден кейін «, Астана қаласында жоспарлы А, Б ауданының, Слободканың, Кеңесары - Есіл өзені - Күмісбеков - Сарыарқа көшесінің, Жангелдин - Кеңесары - Күмісбеков - Сарыарқа көшесінің, Бөгенбай - Жангелдин - Күмісбеков - Сарыарқа көшесінің инженерлік желілері мен жолдарын, № 19 жоспарлы ауданының инженерлік желілерін (жылумен жабдықтау), Астана қаласында «Слободка» ауданынан қолданыстағы ф. 2000 мм қиылысына дейін (Қорғалжын тас жолы) кәріздік коллектор салуды және КСС-43-тен КТС-на дейін қолданыстағы коллекторды қайта жайластыруды.» деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац «абаттандыру» деген сөзден кейін «, жасыл екпелерді қайта жаңарту, Садоводческая көшесі бойында құбырлы дренаж салу» деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші абзацта «71,1», «13,4», «64,2», «10,8», «6,9», «2,6» деген цифрлар тиісінше «75,3», «17,6», «69,9», «16,5», «5,4», «1,1» деген цифрлармен ауыстырылсын;

т о ғ ы з ы н ш ы б ө л і к т е :

бірінші абзац «абаттандыру» деген сөзден кейін «, ЖЭО-2 № 1 күл үйіндісінің пысықталған картасын қайта өңдеу (№ 2 ұяшық, ішінара)» деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші абзацта «2,07», «1,76», «2,0», «1,7» деген цифрлар тиісінше «0,47», «0,16», «0,4», «0,1» деген цифрлармен ауыстырылсын;

о ы н ш ы б ө л і к т е :

екінші абзацта «2,0» деген цифрлар «11,6» деген цифрлармен ауыстырылсын;

«Қоршаған ортаның жағдайын жақсарту» деген 3.10-кіші бөлімде:

бірінші бөлік мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

«жаңартылатын ресурстар мен энергияның баламалы көздерін қолдану.»;

«Қажетті ресурстар мен оларды қаржыландыру көздері» деген 4-тараудың екінші

б о л і г і н д е :

«523,2», «495,5», «27,6», «0,07» деген цифрлар тиісінше «545,2», «510,6», «32,3», «2,35» деген цифрлармен ауыстырылсын;
кесте және оған ескертпе мынадай редакцияда жазылсын:
«

	Республикалық бюджет	Жергілікті бюджет	Кәсіпорындардың, ұйымдардың және концессионерлердің қаражаты	ЖИЫНЫ
2006	62,5*	6,9	-	69,4
2007	79,3	7,7	-	87,0
2008	100,9	4,1	0,01	105,01
2009	140,2*	6,2	1,8	148,2
2010	98,0*	2,7	0,54	101,2
Жиыны	510,6**	32,3**	2,35	545,2**

* Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын дамытудың 2005 - 2007 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (2006 - 2007 жж. кредит қаражаты - 5,07 млрд. теңге), Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысының 2008 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (2008 - 2010 жж. кредит қаражаты - 25,0 млрд. теңге) шеңберінде қала бюджеті тұрғын үй құрылысына алатын кредиттерді е с е п к е а л м а ғ а н д а ;

** Астана қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2006 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын жылдар бойынша қаржыландыруға 34,4 млрд. теңге сомасындағы 2006 жылғы республикалық және жергілікті бюджеттердің нақтылануы қосылды, оның ішінде: республикалық бюджет - 29,7 млрд. теңге; жергілікті бюджет - 4,7 млрд. теңге; электр және жылу энергетикасына - 91,5 млрд. теңге; сумен жабдықтауға және су бұруға - 101,8 млрд. теңге; көлік жүйесін дамытуға - 96,4 млрд. теңге; білім беру жүйесіне - 27,0 млрд. теңге; денсаулық сақтауды дамытуға - 35,9 млрд. теңге; мәдениет пен спортты дамытуға - 63,7 млрд. теңге; тұрғын үй құрылысына - 7,1 млрд. теңге; абаттандыруға - 75,3 млрд. теңге; қоршаған ортаны қорғауға - 0,47 млрд. теңге; индустриялық парк салуға - 11,6.».

«Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер» деген 5-тарауда: е к і н ш і б ө л і к т е :
төртінші абзацта «2,8», «3,6», «1,3» деген цифрлар тиісінше «2,2», «2,2», «2,0» деген цифрлармен ауыстырылсын;
бесінші абзацта «18,8», «24» деген цифрлар тиісінше «6,0», «4,0» деген цифрлармен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

о н т ө р т і н ш і а б з а ц т а :

«21», «2», «2», «9» деген цифрлар тиісінше «10», «3», «1», «6» деген цифрлармен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

«8 жер асты өткелдерін» деген сөздер алып тасталсын;
отыз екінші абзацта «71,8» деген цифрлар тиісінше «74,6» деген цифрлармен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

«Астана қаласын дамытудың 2006 - 2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың жоспарланатын көрсеткіштері» деген 7-кесте мынадай р е д а к ц и я д а ж а з ы л с ы н :

«

	2006 ж.	2007 ж.	2008 ж.	2009 ж.*	2010 ж.*
Өнеркәсіп өнімінің өсім қарқыны, %	18,8	19,2	19,3	-2,3	3,8
Экономикалық белсенді халық қатарынан шағын бизнесте жұмыспен қамтылғандардың үлес салмағы, %	18,2	20,2	22,1	26,3	29,1
Тұрғын үйді пайдалануға беру, мың шаршы метр	530	662,5	462,1	1250,0	1300,0
Сыртқы сауда айналымы, млн. доллар:	3060	3720	4460	6307,0	8245,1
экспорт (млн. долл.)	1710	2000	2300	5011,0	5384,6
импорт (млн. долл.)	1350	1720	2160	1296,0	2860,5
Жұмыссыздық деңгейі, %	7,6	6,9	6,9	6,9	6,9
Кірістер (ресми трансферттерді есепке алмағанда), млрд. теңге	41,0	45,9	47,1	70,6	67,4

* болжамды есептік мәліметтер. ».

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына тиісті өзгерістер енгізсін.

3. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н. Назарбаев